

Күн тәртібі

1. Әлеуметтік қорғаудағы отбасындағы оқушыларға көмек көрсетуге арналған қамқорлық қордан жұмсалған қаражат туралы есеп. /Мектеп директоры Раисов Р.Е./
2. «Құқықтық тәртіп» рейдтері (мектеп инспекторымен бірге) /әлеуметтік педагог Жаппасбаева Г.Б./

Қатысушылар: - ата-аналар комитетінің мүшелері -29 адам

- қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 10 адам
- мектеп әкімшілігі - 6 адам

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі *бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Е. Раисов* әлеуметтік қорғаудағы отбасыларындағы оқушыларға көрсетілген көмек туралы есеп берді. 2018-2019 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы бойынша күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетіліп, қажет киімдер мен мектеп формалары, оқу- құралдары алынды. Мектеп ұжымы мен «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы демеушілігімен 43 000 теңге көлемінде қаражат бөлініп, 5 оқушыға аяқ киімдер мен оқу –құралдары алынды. ЖК «Ахметованың» демеушілігімен 1 оқушыға мектеп формасы алынды. Сонымен қатар қала әкімінің демеушілігімен потранат тәрбиесіндегі оқушыға мектеп формасы, спорт киім , аяқ киімдер алынды. Мектебімізде жыл сайын «Қамқорлық» акциясы аясында ұйымдастырылып, дәстүрге айналған «Күзгі жәрмеңке» 14- қыркүйекте аталып өтілді. Биылғы жәрмеңкеден 269 792 теңге көлемінде қаржы жиналды. Бұл қаржы аз қамтылған, қиын жағдайға ұшыраған отбасының оқушыларына ыстық тамақпен қамтамасыз етуге және қайырымдылық көмекке жұмсалды. Биылғы оқу жылында мемлекеттік қызметке құжаттарын өткізе алмаған 19 оқушы мектеп асханасынан тегін тамақтанады. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы және «Жас Ұлан» балалар ұйымы бірлестігінің ұйымдастыруымен 8 оқушыға 35 000 теңге Жаңа жылдық сыйлықтар алынды.

Шешімі: Есеп қанағаттандырылық деп есептелсін, дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау үшін наурыз айында «Наурыз жәрмеңкені» өткізіп, жиналған қаржыны жылда өткізілетін «Номинация - 2019» қорытынды салтанатты жиынға оқушыларды марапаттау үшін жұмсалсын.

/Орындаушылар: сыныптардың ата-аналар комитетінің мүшелері, ДТІЖО Алтай Қ.Т.; мерзімі: наурыз /

2. 2-ші сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Г.Б. Жаппасбаева мектеп инспекторымен бірлескен рейдтері туралы ақпарат берді 2018-2019 оқу жылында сынып жетекшілермен бірлесіп, оқушылардың әлеуметтік құрамын зерттеу мақсатында рейдтер жүргізілді. Рейд нәтижесінің қорытындысын өткен оқу жылдарымен салыстырмалы қарайтын болсақ:

Оқу жылы	Оқу жылының басындағы оқушылар саны	Сенімхатпен оқитын оқушылар	Өгей әкемен тұратын оқушылар	Толық емес отбасылар	Сәтсіз отбасы оқушылар	Көп балалы отбасы	Мүгедек оқушылар
2015-2016	729	3	2	85	0	40	5+1
2016-2017	707	7	3	75	0	53	4+1
2017-2018	724	19	3	57	0	52	3+1
2018-2019	686	17	5	45	0	58	4

Шешімі: Есепті қанағаттандырылық деп есептеу; рейд жұмыстарын жалғастыру. Сенім хатпен оқитын және өгей әкелермен тұратын оқушыларға аса назар аударып, үнемі бақылауға алынсын. /Орындаушылар: сыныптардың ата-аналар комитетінің мүшелері, әлеуметтік педагог, педагог-психолог; мерзімі: үнемі/

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Ахметова А.М.

Хатшы: Алтай Қ.Т.